**Бұланды ауданының "Құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі, «ЮжКазЭксперт» ЖШС, «Проектгаз» ЖШС, өзара бірлесе отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне айналдыру туралы жасасқан**

**МЕМОРАНДУМЫ №18**

Ақмола облысы, Бұланды ауданының "Құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі, «Проектгаз» ЖШС- нің тарапынан Лобода Кирилл Владиславович және «ЮжКазЭксперт» ЖШС-нің тарапынан Пономарева Мария Владимировна әрі қарай тараптар: **«Строительство водопроводных сетей по ул.Степная, участок №18 в с. Иванковка, Ергольского с/о Буландынского района Акмолинской области»** осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны іс жүзіне асыру.

2-бап

Осы Меморандумның көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

ә) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3 -бап

Ақмола облысы Бұланды ауданы, Иванковка ауылы «ЮжКазЭксперт» ЖШС-і ауданға қажетті тиісті нысандар бойынша «Проектгаз» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жыл көлемінде Бұланды ауданы, Иванковка ауылы бойынша **су желілерімен жабдықтау** мәселелері бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, оны жүзеге асыруды өз мойындарына алады.

4 -бап

«ЮжКазЭксперт» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жыл көлемінде Бұланды ауданы, Иванковка ауылы бойынша су желілерімен жабдықтау құрылысын аяқтап, Бұланды ауданының "Құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі теңгерімге қабылдауды өз міндетіне алады.

Ақмола облысы, Бұланды ауданының "Құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі екінші тараптың жоба-сметалық құжаттарды әзірлеуге қажетті материалдарды, құжаттарды уақытылы, заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

5 -бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісім арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

6 -бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Иванковка ауылында 2024 жылдың 12 тамызында жасалды..

Меморандумға қол қоюшылар:

| | | |
|---|---|---|
| **Бұланды ауданының "Құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі директор міндетін атқарушы** | **«Проектгаз» ЖШС-нің директоры** | **«ЮжКазЭксперт» ЖШС-нің директор міндетін атқарушы** |
| **Джакупова Г.Б.** | **К.Лобода** | **М.Пономарева** |